

АҚҚУЛАР ҚОНҒАН АЙДЫН КӨЛ



3

ВОИН, ПРОШЕДШИЙ АФГАН



5

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАТЫН  
БАҒДАРЛАМА



6



# Ембі ТЫНЫСЫ

№6 (90)  
МАМЫР  
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

## Қадірменді соғыс және тыл ардагерлері! Құрметті ембіліктер!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен және 9-мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен және шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де – осынау мерекенің жемісі.

Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Сұрапыл жылдарда жеңісті жақындатуға ембілік мұнайшылардың да қосқан үлесі өте зор.

Қиын сәттерде жоспарды 250 пайызға орындаған мұнайшылардың ұраны «Мұнай – майданға!» болды. Бұл көрсеткіш пен ұранның астарында адамзаттың басына түскен қанқұйлы соғыста тылда қызмет етіп, жанкешті ерлік көрсеткен барлық адамдардың еңбегі жатыр.


Ел басына күн туған шақта Ембі мұнайшылары Қошқар (1944 ж.), Комсомольск (1943 ж.), Жолдыбай, Тентексор кен орындарын пайдалануға берді. Комсомол – Мақат, Қошқар – Сағыз мұнай құбырлары салынды, Қамыскөлдегі бу турбиналық электр стансасы және Гурьев мұнай өңдеу зауыты іске қосылды. Жаңа ұңғымалар, өндірістер, цехтар, нысандар жұмысын дереу бастады.

Халықтағыдыр жоғары қойған аға буынның ерліктеріне Ембі ұжымы үнемі сыйластықпен қарайды. Компанияда ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне, интернационалист-жауынгерлерге қамқорлық жасалуда.

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да Ұлы Отан соғысының 1 ардагері, 59 тыл еңбеккері, сонымен қатар, 13 Ауған жауынгері бар. Оларды Компания тарапынан толықтай әлеуметтік көмекпен қамту әркез назарда ұсталынады. Бұл – біздің аға буынның рухына, ерен ерлікке, жасампаз еңбекке көрсеткен құрметіміз!

Құрметті ардагерлер, әріптестер! Осынау ерлікке тағзым етілер күні баршаңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық пен бақ, елімізге береке-бірлік тілейміз!

Құрметпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы





Тағайындау

## ОҚУ ОРНЫНЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Әріптестік байланыс

# БЕРЕРІ МОЛ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ АЛАҢЫ

Биыл «Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің мамандарының бастамасымен жақсы шара жалғасты. Жалғасты деуіміздің себебі бар. Осыдан, 5-6 жыл бұрын ембілік мамандардың ұсынысымен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на қарасты еншілес мекемелердің әлеуметтік саладағы жұмыстарымен танысу мақсатында тәжірибе алмасу алаңы басталған болатын. Кейін бұл бастама уақытша тоқтап, бүгінде қайта жандануда. Ембілік мамандардың сапарына «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық басқармалардың әлеуметтік салаларының және орталық басқару аппаратының осы сектор бойынша жауапты мамандары қатысты.

### Алмагүл Жұмалиева, әлеуметтік саясат және ішкі коммуникациялар бөлімінің аға маманы:

- «Қаражанбасмұнай» АҚ-да маған ұнағаны – мұнайшыларға көрсетілер медициналық қызмет барысында кешенді жұмыс жолға қойылған. Медициналық қамту мен өндірістік медицина біріктірілген. «Бір сатып алу – бір мердігер» деген тәсіл жүзеге асады. Сонымен қатар, келісімшарт ұзақ мерзімге бір жасалады. Медицина саласындағы жұмыстың жолға қойылуы қарапайым еңбек адамына көрсетілер сақтандыру шараларының тиімділігіне, ұжымда ауру, жарақат алу көрсеткіштерінің азайына бірден әсер етеді деген пікірмен оралдым.



Компанияның Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің мамандары Бас компанияна қарасты мұнай-газ өндіру кәсіпорындарында болып, жұмысшыларға жасалып жатқан әлеуметтік көмектердің жолға қойылуымен танысты.

Алғашқы тәжірибе алмасу алаңы көрші Маңғыстау облысындағы «Өзенмұнайгаз» АҚ-нан басталды. Бұл акционерлік қоғамда жұмысшылар ауысымдық әдіспен еңбек етпейді. Демек, мұнда мұнайшылардың жатақханасы жоқ. Өзендіктер жұмысқа бару үшін ертеңгілік сапаржайға жиналады. Сол жерден барлық жұмысшыларға сүт, құрғақ тағам беріледі. Тағамдарды тарату үшін сапаржайға арнайы дүңгіршек орналастырылған. Жұмысқа баратын қызметкерлер сапаржайдан жұмыс алды дәрігерлік тексерістен өтеді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның асханасында қызметкерлерге түс мезгілінде салаттар, сусындар және ұн тағамдары «швед дастарханы» әдісі арқылы ұсынылады. Бұл жұмысшылардың тағамдарды еркін таңдауына мол мүмкіндік бар.

Сонымен бірге «Өзенмұнайгаз» АҚ-на қарасты жүргізушілерге арналған әкімшілік тұрмыстық комплексінде қызметкерлер үшін барлық жағдай жасалған. Атап айтқанда, жүргізушілер бос уақытында тынығып отыратын бөлме, жұмыстан кейін тазаланып алу үшін жуынатын бөлмелер қарастырылған.

Келесі ат басын тіреген орын – «Қаражанбасмұнай» АҚ болды. «Қаражанбасмұнай» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік сала жұмысындағы ортақ белгісі жұмысшылар ауысымдық әдіспен еңбек етеді. Яғни, кен алаңдары әлеуметтік нысандармен: асхана мен жатақханамен толықтай қамтылған. Мұнайшылар ауысымдық әдістегі жұмыс барысында жатақханаларда тұрып, асханаларда үш мезгіл тамақтанады. Көрші облыстағы әріптестерімізде әлеуметтік сала жұмысы қалай жолға қойылған деген сауалымызға жауапты ембіліктердің пікірімен жеткізсек.

### Еркін Жанайсов, тамақтандыруды ұйымдастыру және нысандарға қызмет көрсету бөлімінің басшысы:

- «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның кен алаңындағы №1 және №4 вахталық қалашығында болып, сол жердегі жатақхана, асхана, демалыс орындары, спорт алаңдары мен бөлмелерінің және дәрігерлік пункттердің жұмыстарымен таныстық. Маған жылы әсер еткені, №1 вахталық қалашықтағы 5 қабатты 400 адамға арналған жатақханасындағы қызметкерлерге жасалған жағдай бір қарап қалғанда үйдегідей сияқты. Шын мәнісінде, ауысымдық әдіспен белгілі бір уақыт бойы отбасынан жырақта болып, жатақханаларда тұрып еңбек ететін жұмысшылар үшін жатақхана үйіңдей болуы керек -те. Жатақхананың мұнайшыларға осындай әсер ететіндей жағдай жасауымыз – мақсат. Менің байқағаным, қаражанбастықтар жатақхананың кіре беріс есігінің алдында аяқ киімдерін шешіп, жатақхана дәлізінде жүргенде өз үйінің дәлізінде жүргендей әсерде болады-ау деп топшыладым. Қалашықта орналасқан мәдениет және спорт кешендеріндегі, құрал жабдықтар, емханадағы медициналық құралдарды көргенде, Қаражанбасмұнай басшылары жұмысшыларға барлық жағдайды жасауға тырысып жатқанын анық байқадық. Емханада керекті дәрігерлердің қабылдауы тұрақты ұйымдастырылады. Сонымен бірге, №4 вахталық қалашықта жатақханалардан бөлек орналасқан спорт залдары мен кір жуу орны мен үшін жағашылдық болып көрінді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен орындарындағы спорт залдары жоқ жатақханалардың қасына бөлек спорт залдар орнатса, қызметкерлердің бос уақыттарында спортпен шұғылдану мәселесін шешуге болар еді. Ас мәзіріне келер болсақ, айтарлықтай өзгерісті байқамадым. Біздің асханаларымызда да дәл осындай жұмыстар жолға қойылған.

Ембіліктер бұдан кейін Алматы қаласында орналасқан «Интертич» медициналық сақтандыру компаниясының жұмысымен танысты. Кездесу барысында алдағы уақытта ембіліктерге ұсынылатын медицина қызметтерінің жұмысындағы өзгерістер барысы кең талқыланды. Ағымдағы жылдың мамыр айының соңында жасалатын келісімшартта айтарлықтай өзгерістер болады деп отыр ембілік әлеуметтік саланың мамандары.

Біріншіден, барлық жұмысшының телефондарына мобильдік қосымшаны жүктеу жұмыстары қолға алынбақшы. Бұл жүктемеден әрбір адам өзінің лимитін білуге, керекті дәрігерге кезекке жазылуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, жүктеме арқылы сақтандыру жұмыстарының өзгерістерімен, толықтыруларымен де таныса алады.

2022-2023 жылдарға арналған Ерікті медициналық сақтандыру келісімшартына кіретін өзгерістерге қысқаша тоқталсақ.

Ембіліктер жылына бір рет медициналық тексеруден өтеді. Енді медициналық тексеру қатары толықтырылып, оған қосымша биохимиялық анализдер тапсыру енгізілмекші. Медициналық тексерудің кеңейтілген талдауы адам бойындағы барлық дертті (анықталмаған/жасырын жатқан) бастапқы кезден-ақ анықтауға мүмкіндік болады. Ауруды дер кезінде байқау, алдағы уақытта дұрыс ем алуға жол ашатыны белгілі. Демек, сырқаттың жұмысшылардың уақытша еңбекке жарамсыздық деңгейі айтарлықтай азаяды деп отыр ембіліктер.


Келесі басқосу жиыны Нұр-Сұлтан қаласындағы «Самұрық-Қазына» АҚ-да жалғасты. Онда ембіліктерді «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі басқарушы директоры Фибрат Ауғанов қабылдады. Жиын барысында ұжымдағы еңбек қатынастарын тиімді дамыту, еңбек адамдарының әлеуметтік жағдайын тұрақтандыру және жақсарту мәселелеріне қатысты қолға алынып жатқан жұмыстар аталып өтті. Бұдан соң, ембіліктер «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да бас қосып, онда ұжымдағы ішкі қатынастарды реттеу жайы кеңінен сөз болды.

### Түйін.

Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин бір аптаға созылған тәжірибе алмасу сапарына жақсы деген пікірін білдіріп, мұндай іс-шарадан күтеріміздің мол екенін айтады.

Әлеуметтік саланың жұмысын жандандыру – әрбір кәсіпорын, ұжымның қызметіндегі негізгі бағыттың бірі болуы – заңдылық. Себебі, компанияның басты байлығы – қарапайым еңбек адамы екені даусыз. Бұл орайда, «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің қызметінде әлеуметтік жауапкершілікке басымдық береді. Еңбек адамының оң пейілін қалыптастыруды ойлаған басшы, алдымен, жұмысшының алаңсыз еңбек етуіне жағдай жасаудан бастау керек. Қарапайым еңбек адамына керекті шаралар оның тұрақты жалақысының төленуі, дұрыс тамақтануы мен жатын орындарының жайлы болуы десек, біздің Ембі кен алаңдарындағы бұл бағыттағы жұмыстар әркез назарымызда. Біз қазір осы саланың жұмысын одан әрі жақсартуға түсу мақсатында ауқымды жұмыстарды қолға алуды көздеп отырмыз. Осы үшін де бас компанияға қарасты еншілес мекемелерде болып, олардың жақсы тұстарын өзімізге алуды көздедік. Мақсатымыз орындалды деп түйіндеуге болады. Бұл сапардың нәтижесін алдағы күннің еншісіне қалдырамыз. Осы мақсаттағы жұмысты біз бастап та кеттік. Оның нәтижесі туралы ембілік жұмысшылармен өзіміздің төл басымылымыз – «Ембі тынысы» газеті арқылы бөлісетін боламыз.





# АҚҚУЛАР ҚОНҒАН АЙДЫН КӨЛ

**«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдық мерейтойына арналған шаралар легі Махамбет атындағы Атырау облыстық академиялық қазақ драма театрында композитор, жазушы, өнертанушы, суретші, Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Илья Жақановтың осындай атаумен өткен шығармашылық кешінен ресми түрде бастау алды.**

Салтанатты шараға өнер иесі, облыс әкімінің орынбасары Н.Таушов, мемлекет және қоғам қайраткерлері, облыстың еңбек ардагерлері мен «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы қатысты.

Айта кетейік, ағымдағы жылдың наурыз айында Ақорда төрінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ руханиятын дамытуда өшпестей із қалдырған Илья Жақановты «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен марапаттаған болатын. Салтанатты жиын барысында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан бұл көрнекті композитор, жазушы, өнертанушы, сөз өнері мен саз өнерінен қонған қасиетті қатар ұстап, қылқаламды жанына серік еткен біртуар тұлғаға берілген лайықты марапат екендігін атап өтті.

- Сіз – қазақ мәдениетінің тұғырлы және көрнекті тұлғасысыз. Әуезді әндеріңіз, әдеби туындыларыңыз және зерделі зерттеулеріңіз ұлт руханиятына қосылған құнды қазына болып табылады.

Мұнайлы Ембінің трест болып құрылуы Доссор өлкесінде ашылған кен орнынан бастау алған. Илья Жақанов ағамыздың «Доссор вальсі» - бүгінде ембілік еңбек өрендерінің сүйікті туындысы. Бұл ән Доссор мұнайының 90 жылдығына арнап жазылған болатын.

Қазақ халқының рухани байлығын еселеп, ұлттық музыка өнерін дамытуға қосқан өлшеусіз үлесіңіз үшін ембілік мұнайшылар атынан алғысымды білдіремін, - деп атап өтті **«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.**

Сонымен қатар, облыс әкімінің орынбасары Н.Таушов пен облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Өтешов мұндай ауқымды шараны өткізуге мұрындық болған «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымына алғыстарын білдірді.

Илья Жақанов – қазақтың маңдайына біткен композитор, жан-жақты талант иесі. Оның әндері адамды тәрбиелейді, рухтандырады. Бүгінде

оның журналистік, жазушылық, зерттеушілік еңбектерінен дүниеге келген сан-салалы мақала, очерк, деректі әңгіме, музыкалы новелла мен эсселер, теле-радиоспектакльдер қазақ теледидары мен радиосының алтын қорында сақталып тұр, қазақтың рухын асқақтататын 200-ге жуық әндері бүгінде қазақ музыкасының жаунарына, «Екі жирен», «Бірінші концерт», «Қарабура» және тағы басқа тарихи топтамалары құнды мұраға айналды.

Жылдар бойы қазақ жұртын тебірентіп, сазы мен сөзі, әні мен өлеңі бірі-бірімен жарасым тауып, айрықша мақтаныш сезіммен тербеп, қазақтың ұлттық рухын асқақтатқан «Еділ мен Жайық», «Жайлауқұл кештері», «Оралдың ерке самалы» «Әселім» әндерін әр қазақ бүгінде жатқа біледі десек, артық айтқандық болмас.

Композиторлық өнерден басқа жазушылық мен өнер зерттеушісі ретіндегі қызметіңіздің маңызы орасан зор деп бағалаймыз. Әсіресе, өнер зерттеушісі ретіндегі де рөлі ұшан теңіз. Оның дәлелі – бүкіл қазақ елінің халық композиторлары мен халық әншілері туралы деректерді іздеп тауып, қалың жұртшылық игілігіне айналдырғаны.

Кеш барысында Илья Жақановтың өмір жолы мен шығармашылығынан үзінділер келтірілген театрландырылған қойылым және концерттік бағдарлама көрермен назарына ұсынылды.

Кеш барысында Н.Жантөрин атындағы филармония әншілері мен ембілік мұнайшы-қызметкерлер композитордың елге кеңінен тараған әндерін орындап, жиналғандарға жақсы әсер қалдырды. Кеште қатысушылар мерейтой иесінің кітаптары, музыкалық еңбектері қамтылған көрмені қызығушылықпен тамашалады.

Өнер кеші соңында Илья Жақанов сөз алып, биыл ғасыр тойын атап өтіп жатқан «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымына өзіне көрсетілген құрметі үшін алғысын білдірді.





# ҰЛЫ ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТУҒА ҚОСҚАН ЕМБІЛІКТЕРДІҢ ҮЛЕСІ



1945 жылдың 9 мамыры... Жылдан-жылға алыстап бара жатқан мерзім. Дей тұрғанмен, Ұлы Жеңістің анық бағасы мен маңызы біздің жадымызда мәңгі орын алған деуге болады. Бұл күн жұртшылық жадында біздің халқымыздың ерлік үлгісі, мұқалмас қажырлығы мен мызғымастығының символы болып келеді.



Соғыс жылдары мұнай саласының барлық топтарына үзіліссіз жұмыс жасау талабы қойылды. 1942 жылдың 22 қазанында Мемлекеттік қорғаныс комитеті «Гурьев өңірінде мұнай табуды ұлғайту туралы» қаулысын жариялады. Қиын сәттерде жоспарды 250%-ға орындаған мұнайшылардың ұраны «Мұнай – майданға!» болды. Бұл көрсеткіш пен ұранның астарында адамзаттың басына түскен қанқұйлы соғыста тылда қызмет етіп, жанкешті ерлік көрсеткен барлық адамдардың еңбегі жатыр.

Отан қорғаушылар жасаған ерліктер де мәңгілік және уақыт ағысымен жоғалып кетпейді. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Сондықтан да, халық ұзақ күткен Ұлы Жеңісті жақындатуда майданда да, тылда да жанқиярлықпен күреске түскендердің барлығы айрықша құрметке ие, қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз.

## Мұнай қабатына су айдау – тиімді әдіс

Грозный, Майкоп, Краснодар сияқты ірі мұнай провинцияларының алынуы Кеңес басқыншылығының алдына, ең алдымен, күшті кері қайтару мәселесін қойды. Бұл жағдайда болашағы зор провинциялардың бірі болып саналатын Қазақстан басты назарда тұрды. Сондықтан, соғыс жылдарында мұнайды мол алудың жаңа әдістерін жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді. Кен

орындарының материалдық қорының азаюы, геолог ғалымдардың алдына өнімді аз мөлшерлі шығынмен көбейту мәселесін қойды. Бұдан шығар бірден-бір жол мұнай қабаттарына су айдау әдісін қолдану еді.

Соның арқасында Одаққа тұңғыш рет мұнай өндірудің екінші әдісі (қабат қысымын су айдау арқылы көбейту) 1943 жылдың тамызында Доссор кәсіпшілігінде жүзеге асты. Келесі жылы Мақат кәсіпшілігінің ұжымы бірінші юра қабатына су айдайтын қондырғыны іске қосты.

Осы сынақтың қолданылуы осы екі кен орнындағы ескі және жаңа ұңғымалар өнімінің көбеюіне жол ашты. Мұнайды бұл әдіспен өндіруге жұмсалған шығын жыл жарым ішінде өтеліп, соғыстың соңына дейін Доссор мен Мақат кәсіпшіліктері осы әдіспен қосымша 14 мың тоннадан астам жоғары сапалы мұнай өндірді.

1970 жылдарға қарай мұнайдың 55%-ы осы әдіспен алынатын болды.

## Қорғанысты қаржыландыру

Ұлы Отан соғысы адамдарды жұмылдырумен қатар, елдегі қаржылай ресурстардың да жұмылуын талап етті. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ Қазақстан жұмысшылары әр жерлерде қорғанысқа қаржылай қор жинауды ұйымдастыра бастады. Қазан айының басында республика бойынша 200 млн рубль жиналған болса, оның 1 миллионын

гурьевтіктер жинаған еді. «Қазақстан мұнайшысы» танк колоннасының құрылысына 638 мың рубль бөлу туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, эскадриль құрылысына да 250 мың рубль бөлінді.


Ескене мұнайшыларының өзі ғана «Қазақстан мұнайшысы» танк колоннасының құрылысына 2 млн рубль жинап тапсырды. Әйелдер қорға 17 млн рубль қаржымен бірге жалпы құны 4 млн рубль болатын жылы киімдер жөнелткен.

Соғыс жылдары Қазақстан жұмысшылары майданға қажетті керек-жарақтар үшін 1 млрд рубль жинаған екен, ал, танк колоннасы мен авиаэскадриль құрылысының салынуына 800 рубль жұмсалған.

## Есімдері – мәңгі есімізде!

Соғыс жылдарында Қазақ КСР-ның мұнай өндіруші аймақтарында тұрған адамдар тылда еңбек етіп, елді отынмен қамтып қоймай, өздерін соғыс алаңында да көрсете білген.

Жас қыздар мен жігіттерден құралған жасақтар Ұлы Отан соғысы кезінде негізгі шайқасқа қатысқан. Қан майданда ерліктің нағыз үлгісін көрсеткен ерліктер жетерлік. Хасан Алдақов, Мұса Баймұханова, Қойшығара Балғымбаев, Төрешұрат Бешімов, Нарынбай Бешімов, Дүйсенғали Әжіғалиев, Мырзабай Ахметқалиев, Ажар Оразғалиева және басқа батырлардың есімдері жадымызда мәңгі сақталады.





## Өндірісте ерлер орнын алмастырған мұнайшы әйелдер

Фашистермен шайқаста жеңіске жету жолында кеңес әйелдерінің қосқан үлесі орасан зор еді. Олардың иықтарына шаруашылықтың ауыр жүгі түсті. Олар ауырлығы мен қиындығына қарамай, республикамыздың мұнай өнеркәсібінде де аянбай еңбек етті. Соғыс кезінде Қазақстан мұнайы саласында еңбекке араласқан әйелдердің жалпы саны 20%-дан 41%-ға дейін өсті. Отандық мұнай-химия саласының іргетасын қалауға атсалысқан Гурьев мұнай өңдеу зауыты құрылысшыларының 70%-нан көбін әйел адамдар құраған. Солардың күшімен қысқа мерзім ішінде Гурьевте резервтік теңіз порты салынған. Осындай көлік торабы Кавказ мұнайын Орскке айналма жолмен жеткізуге жол ашты. Қазақстандық тракторшы әйелдердің ерен еңбегі жоспарды бірнеше рет асыра орындауда және он мыңдаған тонна отынды үнемдеуде үнемі байқалып отырған. Осылардың бәрі жауға қарсы шайқасып, жеңіске жету жолында үлкен синергетикалық әсер берді.

Соғысқа аттанған ер-азаматтардың орнын әйелдер толтырды. Тез арада әйелдерді мұнай өндірісінің түрлі салалы жұмыстарына үйретіп, қысқа мерзімді курстарда оқытыпта алды. Мысалы, соғыстың алғашқы жылында-ақ Жылыой ауданындағы кәсіпшілікте 160 әйел өндіріске жұмылдырылды. Мақат ауданындағы кәсіпшілікте 327 әйел өндірісте істеген. Соғыс жылдарында социалистік жарыс барынша өрістетілді. Осылай майдандағы жауынгерлер ерлігін тылдағы мұнайшылар да жалғастырып жатты.

Айталық, **Балғаным Досбаева** ер-азаматтар майданға кетіп, мұнай кәсіпшіліктерінде жұмысшылар жетіспей жатқанда, алғашқы болып, әйелдерді қара алтынды өндіруге шақырып, үн тастаған қазақтың қызы болатын. Ол Одақ бойынша әйелдердің ішінен тұңғыш рет мұнай өндіру учаскесін құрып, басшылық жасады. Оның қыз-келіншектерден құралған бригадасы жоспарды үнемі 150%-ға асыра орындап, абырой-атақтары сол кездің баспасөз беттерінде жазылып, сонау майдандағы жауынгерлерге де жетіп жатты.

**Балжан Жұмағалиева** – КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына үш мәрте сайланған алғашқы қазақ әйелі. Ол мұнай техникумын бітіріп, ұзақ жылдар оператор, ұзақ жылдар оператор, шебер болып жұмыс істеді. Тәжірибесі молайған кезде оны облыс басшылары лауазымды қызметке өсіріп, ірі мұнай кәсіпшілігін басқартты. Балжан сенімді ақтады да, ол басқарған кәсіпшілік берілген мемлекет жоспарын үнемі артығымен орындап отырды.

Еңбек жолын бала кезінде, ел басына күн туған соғыс жылдарында Мақат пен Доссор мұнай өндіру кәсіпшілігінде бастаған **Жібек Сегізалиева** да адал еңбегімен елдің құрметіне айналды. Жерлестері оны Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесіне депутат етіп бірауыздан сайлады. «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері болды.

Соғыс жылдарында, қаршадай кездерінде **Нәбира Шағырова** Доссор, Байшонас мұнай кәсіпшіліктерінде оператор болып еңбек жолын бастады. Өзіне тапсырылған міндетті үнемі артығымен орындады.

Жеңіс келген соң да, ол ауыр жұмыстан бел үзбей, мұнай кәсіпшілігінен кетпеді. Еңбегін зейнеткерлікке шыққанға дейін жалғастырды. Қазақтың мұнайшы қыздарының арасынан алғаш рет Нәбира Шағырова Социалистік Еңбек Ері атанды. «Ленин», «Еңбек Қызыл ту», «Құрмет белгісі» ордендерін иеленді.

Гурьев облысы бойынша майданға кеткен ер-азаматтарды жоқтатпай, шаруашылықтың қай саласында болсын, аянбай еңбек еткен әйел-аналар облыс көлемінде аз болған жоқ. 1941 жылдың аяғында мұнай кәсіпшілігінде жұмыс істейтін әйелдер саны 2386-ға жетті. Тіптен ең ауыр деген бұрғылау жұмысына әйелдер араласып, табандылық танытты. Мысалы, бір жылдың ішінде 132 қыз бұрғылау жұмысына тез үйреніп, тереңде жатқан мұнайлы қабаттарға із салып, ер-азаматтар ісін тоқтатпай жалғастырды. Олар **Б.Даужанова, Қ.Қаспаева, Р.Махамбетова, А.Алтаева, Ш.Тілеуғалиева, М.Байжанова, А.Кубашева, Л.Власова** және т.б. Олардың ұраны «Майдан қанша мұнай талап етсе, сонша мұнай береміз!» болды. Соның арқасында мұнай көші толастамай, майданға қарай ағылып жатты.

**Р.С. Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі. Сондықтан, қазіргі ұрпақ қадірлі ардагерлерге бейбіт өмір мен жарқын келешек үшін алғысын білдіреді! Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!**

## Мужество

Это сегодня ветеран Афганской войны Талгат Тулеушов рассказывает о событиях того времени спокойно, и даже с улыбкой на лице, а тогда было не до смеха. Смерть их поджидала на каждом шагу, за каждым кустиком, за каждой возвышенностью. Когда шел бой, когда вокруг взрывались гранаты, свистели пули и трещали пулеметные очереди, казалось, что земля начинает хаотично вращаться. Эти страшные картины боевых действий и гибели товарищей до сих пор перед глазами Талгата. Такое, говорит он, не забывается.



Талгат Тулеушов



На фото: солдаты, проходившие учёбку перед отправкой в Афганистан. г.Ашхабад. 1984г.

# Воин, прошедший Афган

В армию Талгата Тулеушова призвали из Кызылкугинского района в 1984 году. Сам добровольно согласился поехать в Афганистан.

- Талгат, ну там же шла война?

- Да, знал об этом. Ну..., мы же были молодые. Страх не было. Тогда 36 парней из Гурьевской области отправили в Афган, но мы попали в разные воинские подразделения.

Талгат прошел 5-ти месячную учёбку в пехотных войсках в Ашхабаде, после которой состоялась отправка в Афганистан.

- Наша рота расположилась в провинции Шынданд. Мы охраняли кишлак Гиршинка - это была одна из горячих точек. Душманы периодически обстреливали дизельную электростанцию, пытались оставить селение без света. А еще, тогда ведь границы Афганистана были открытыми и шли нескончаемые караваны с боеприпасами из соседних государств, - вспоминает Талгат. - Задачей нашей боевой роты была ликвидация этих караванов. Вначале их бомбили с воздуха, а затем в наступление шли мы. Я был пулеметчиком, моим оружием был РПК (ручной пулемет Калашникова). За плечами всегда был вещмешок, в котором были запасные патроны, ракетницы и много чего другого. С таким грузом мы каждый день совершали марш-бросок в горах на 50 километров.

Рота гвардейского полка, в которой служил Талгат Тулеушов, всегда находилась в боевой готовности. - В большинстве случаев бои шли в горных местностях, где находились оружейные склады душманов. Требовалась не только отличная физическая подготовка, но и умение ориентироваться в незнакомом месте, принимать быстрое и правильное решение, - рассказывает Талгат.

Иногда в помощь воинам-интернационалистам приходили местные жители, которые подсказывали места нахождения моджахедов и тропы, по которым можно было внезапно напасть на врага. Воевать приходилось в тяжелых условиях: жаркий климат, отсутствие питьевой воды. Измученные жаждой солдаты пили грязную воду.

Завершив двухгодичную службу, Талгат еще два месяца в условиях реальной войны учил новобранцев. Домой он вернулся в июле 1986 года. Встретив по дороге односельчанина, узнал от него, что мама в больнице. Прямоком побежал в стационар. Мама в это время выходила из палаты. Увидев сына живым и невредимым, она заплакала навзрыд... Позже Талгат узнает, что в больницу мама попала, переживая из-за того, что от него не было писем.

- Сегодня много разговоров о том, что эта была никому не нужная война. Возможно, но для нас тогда был приказ, который мы выполняли. Для меня, впрочем, как и для других, служба в Афганистане стала школой мужества и стойкости. Мы смотрели смерти в лицо, иногда доходили до грани отчаяния, когда видели, как погибали товарищи, но мы это достойно прошли, - говорит Т.Тулеушов.

За личное мужество и отвагу Талгат был награжден медалью «Воину-интернационалисту от благодарного афганского народа», нагрудным знаком «Отличник советской армии».

В том же 1986 году он устроился работать плотником в УПТОиКО Эмба мұнайгаза и до сих пор работает в нашей компании. Сейчас трудится слесарем-ремонтником в НГДУ «Кайнар мұнайгаз».

Прошло более 30 лет с момента вывода ограниченного контингента советских войск из Афганистана. Многое изменилось. В историю вписаны новые страницы. А в биографии Талгата Тулеушова Афган останется самой приметной строкой, которая при воспоминаниях вызывает щемящую боль в груди...

Талгат Тулеушов



## ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАТЫН БАҒДАРЛАМА

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы мен «Халық банкі» АҚ-ның «Халық-Life» өмірді сақтандыру мердігер мекемесі өкілдерімен кездесу шарасы өтті. Кездесу аясында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова мен «Халық-Life» АҚ Басқарма төрағасы Жанар Жұбаниязова екі компанияның өзара іс-қимыл мәселелерін талқылап, одан әрі ынтымақтастық жоспарларын белгіледі.

Жиын барысында компанияда жүзеге асып жатқан Мерзімінен бұрын зейнеткерлікке шығу бағдарламасына ерекше мән берілді.

Рысты Тасмағамбетованың мәлімдеуінше, бұл бағдарлама ұзақ жылдар бойы компанияда еңбек еткен мамандардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында бекітілген болатын. Оған сәйкес «Ембімұнайгаз» АҚ әр жұмыскеріне ай сайынғы төлемдер үшін сақтандыру компаниясына бірнеше жыл бұрын қаражат аударады, ал «Халық-Life» АҚ, өз кезегінде, қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін бүкіл мерзім ішінде «Ерікті зейнеткерлік алдындағы аннуитет» шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді жүргізу міндеттемесін өзіне алады. Осылайша, қызметкер зейнетке шығып, ауыр еңбектен босатылады және ай сайын сақтандыру компаниясынан төлемдер алады. Сонымен қатар, өз отбасына, денсаулығына көбірек көңіл бөлуге және қалаған уақытта басқа жұмысқа орналасып, қосымша табыс табуға мүмкіндік алады.

Жиын барысында «Халық-Life» АҚ – «Ерікті зейнетақы аннуитеті» бағдарламасының арқасында мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шыққан компанияның бірқатар қызметкерін «Зейнеткерлерге қосу» символикалық рәсімі ұйымдастырылды.

- Алғаш рет бұл бағдарлама «Ембімұнайгаз» АҚ-мен бірлесіп 2014 жылы енгізілді. Осы жылдар ішінде бағдарлама мүмкіндіктерін өндірістік құрылымдық



бөлімшелердің 400-ге жуық қызметкері пайдаланды. Бұл бізді қатты қуантады. Өйткені бүгінгі күні бұл – қазақстандық өмірді сақтандыру нарығындағы бірегей өнім, ол жұмыс берушіге өзінің жұмыскеріне қамқорлық жасауға, және жұмыскерге мерзімінен бұрын зейнетке шығуға мүмкіндік береді. Біз «Ембімұнайгаз» АҚ-мен өрбіген көпжылдық серіктестік қарым-қатынастарды жоғары бағалаймыз және кәсіпорын мен әрбір жеке қызметкерге сапалы қызмет көрсетуге тырысамыз, - деп атап өтті «Халық-Life» АҚ Басқарма төрағасы Жанар Жұбаниязова.

Жиын барысында аталған бағдарлама мүмкіндіктерін пайдаланған компания зейнеткерлері де сөз алып, ризашылықтарын жеткізді.

Жоғарыда аталып өткендей, «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығару» бағдарламасы 2014 жылы іске қосылды. Аталмыш бағдарламаның мақсаты - жұмысшылардың денсаулығы мен өмірін сақтау, ауыр жұмыста жүрген мамандардың еңбегінің зейнетін көруге дер кезінде мүмкіндік жасау. Бұл орайда, өз жұмысшыларының денсаулығы мен өміріне басымдық беріп отырған «Ембімұнайгаз» АҚ КМГ-ге қарасты еншілес компаниялардың арасынан алғашқы болып осындай құжатты бекітіп, іске қосты.



Бүгінгі таңда аталмыш бағдарлама бойынша компаниямызда 394 адам мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығып отыр. Олардың 350-і - ер адам, 44-і - әйел адам. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін компания бюджетінен 2 млрд. 615 млн. теңге көлемінде қаражат бөлінді. «Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығару» бағдарламасы негізінен қарапайым жұмысшы мамандар арасында көбірек жүріп отыр. «Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығару» бағдарламасының тиімділігі туралы пікірлерге құлақ түрsek.

**Ұлжан Әмірғалиева, мұнайшы ардагер:**

- 1976 жылы мектеп бітірген соң «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Терең-Өзек кен алаңына мұнайшы болып жұмысқа тұрдым. Содан 2014 жылға дейін 38 жыл бойы табан аудармай осы цехта еңбек еттім. «Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығару» бағдарламасы бекітілген соң 55 жасымда зейнеткерлік демалысқа қалдым. Жалақымыздың 60 пайызы төленеді және еңбек өтілі ескеріледі дегенде бәріміз де қуандық. Мен 3 жыл бойы ай сайын 190 мың теңге ақша алып отырдым. Оған жылына бір рет шипажайларға берілетін жолдаманы, сонымен қатар, әлеуметтік көмектерді қосыңыз. Өзімнің сүйіп оқитын газет-журналыма дейін компания есебінен жазылып отырмын. Балтырың сыздай қалған мезетте медициналық сақтандыру қызметі де ұсынылады. Ардагерін осылай қамқорлаған компанияма ризамын.

## ҰСЫНЫС. ПІКІР. ТІЛЕК

**Жұмазия Ахметова, мұнайшы ардагер:**

- Мұнайшылық кәсіп ауыр еңбек деп толық айта аламын. Әрине, еңбектің оңайы болмас, десекте, 50 жастан асқан әйел адамға бірнеше метрлік биіктегі май қазанына күніне әлденеше рет шығып, түсу оңай емес. Оның үстіне өндіріс қауіпсіздігін сақтау - міндет, арнаулы аяқ киіміміздің өзінің кәдімгідей салмағы бар. Кешкілік тізем сырқырап ауыратын. Бірде өзім еңбек еткен «Доссормұнайгаз» МГӨБ кадр бөлімінің жауапты мамандарына жолығып, ерте зейнеткерге қалудың қандай жолы барын сұрадым. Олар маған қазір осы мақсатта құжаттың дайындалып жатқанын айтты. Көп кешікпей маған офистен хабарласып, құжаттың бекітілгенін, енді зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейінгі 3 жыл мерзім уақытынан бұрын демалысқа қалудың болатынын айтты. Қуанғанымды көрсеніздер!


**Бағытжан Ниязбаев, ардагер мұнайшы:**

- Менің еңбек жолым Доссор өңірінде 1971 жылы мұнай дайындау және айдау цехының қарапайым жөндеушілігінен басталды. Ұзақ жыл отандық мұнай өндіруші компанияда еңбек еттім. Аталмыш бағдарлама бойынша алғашқылардың бірі болып бағдарламаның тиімділігін көре білдім десем артық айтқандық болмас. Ауыр еңбекте жүрген мамандарды мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығару жайы біраз жылдар бойы талқыланды. Адам баласының жасы ұлғайған сайын денсаулығының күтімді көп керек ететіні даусыз. Міне, осыны дер кезінде көре білген біздің компания өз мамандарының өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында осындай өміршең құжатты қолға алып, бекітті. Оның тиімділігін алғашқылардың бірі болып көріп келе жатқанымды әркез айтып жүремін. 2014 жылдың 19-шілдесі күні «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нан зейнеткерлік демалысқа қалдым. Алғашында әрине, көңілде күмән болды. Міне, қазір өзімнің нақты зейнеткерлік демалыс жасына жетіп отырмын. Ұзақ жылғы еңбектің зейнетін де дер көзінде көре білген абзал ғой.

**Дінкуат Қитарбаев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ көлік жүргізушісі:**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ көлік жүргізуші болып еңбек етіп келемін. Ауыр салмақты көліктің рулін бағындыру оңай емес. Бұдан 9 жыл бұрын жақсы құжат бекітіліп, зейнеткерлік жасқа 3 жыл қалған уақыттан бастап, демалысқа қалудың болатынын көріп, біліп жүрдік. Әріптестерім осы құжаттың аясында ерте зейнеткерлік демалысқа қалып жатты. Олардың айтарынан маған жақсы мәлімі, уақытылы отбасымен болып, бірге демалып, зейнет жастың да қызығын көруге мүмкіндік бар. Міне, енді өзім де осы шешімді алып, мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа қалуды ұйғардым.





## ТРУДОВОЙ ПОДВИГ В ТЫЛУ

**Великая Отечественная война вписала особую главу в историю промыслов Эмбы. Вместо уходивших на фронт нефтяников работали женщины и дети. Работали, не зная отдыха. Нефтяные промыслы соревновались между собой за выдачу сверхплановой нефти фронту.**

На промысле Макат на 1 марта 1942 года социалистическим соревнованием были охвачены 9 цехов, 12 бригад с охватом соревнующихся 600 человек. В марте по промыслу насчитывалось 198 стахановцев, 111 ударников, среди них Кожиков, Алтаев, Бекеев, Далилов, Алжанов и другие, выполнявшие норму от 104 до 247 %. Более 5 тысяч женщин героически трудились наравне с мужчинами. Им помогали подростки. К примеру, Кабжапару Калыбаеву было всего 13 лет, так, как и юным девочкам: Батиме Раисовой, Калдыгыз Исаковой, Калу Тлеумагамбетовой, Насип Рысбаевой. В Макате, Косшагыле и Сагизе открылись школы ФЗУ.

В связи с введением военного положения проводилось полное затемнение в населенных пунктах, особенно на нефтепромыслах. Были установлены круглосуточные дежурства. Нефтяники работали под светомаскировку, часто вручную, без звука моторов. Чтобы не привлечь внимания. Так нефтяники несли боевую вахту на производстве.

Особый упор в военное время был сделан на использование действующего фонда скважин. На нефтепромысле Байчунас впервые на Эмбе в большом масштабе была внедрена система мероприятий по усилению отбора жидкости. Перевод четырех горизонтов восточного участка промысла на усиленный отбор жидкости за несколько месяцев 1941 года дал 51430 тонн нефти. Там работали молодые геологи Ж.Досмухамбетов (главный геолог) и Е.Тауманов (старший геолог, в 1942-1943 гг. - главный геолог), а директором промысла в эти годы был опытный нефтяник Р.Сагындыков.

1943 год стал рекордным в истории казахстанской нефти: на месторождениях республики было добыто около миллиона тонн углеводородного сырья. Байчунас давал в эти суровые дни испытания три четверти эмбинской нефти. В 1943 году нефтепромыслы Эмбы дали максимальную добычу нефти за все время существования.

Несмотря на сложные условия, в годы войны усиливаются геологоразведочные работы. В 1943 году на Эмбе широким фронтом была развернута сейсморазведка. Благодаря этому за три года было разведано 45 площадей. На Южной Эмбе в годы войны разведочные работы были проведены на всех старых промыслах и на 13 новых структурах. Сейсморазведочные работы в комплексе с геокартированием и структурным бурением позволили в короткий срок открыть новые нефтяные месторождения: Нармунданак, Южный Кошкар, Тентексор, Мунайлы, Жолдыбай, осветить геологическое строение межкупольной зоны Доссор – Макат-Сагиз. Темпы проходки составили 800-975 метров в месяц на буровой станок. Было открыто перспективное месторождение Каратон.

## КАК ОТКРЫВАЛИ ТЕНТЕКСОР

**В период Великой Отечественной войны геологами, геофизиками и разведчиками объединения «Казахстаннефть» была проделана большая работа в области поисков и разведки новых нефтяных месторождений. К числу вновь открытых относится месторождение Тентексор.**

Нужно сказать, что заинтересованность этой местностью, где наблюдались обильные поверхностные нефтепроявления, началась после гражданской войны. В 1929 году здесь на сравнительно ограниченной площади было проведено геологическое картирование. В 1935 году маршрутная съемка выявила общие структуры соляного купола.

С 1941 года началось планомерное изучение месторождения. Было проведено геологическое картирование в масштабе 1:25000, гравиметрические исследования, сейсморазведка методом отраженных волн, структурно-поисковое и глубокое разведочное бурение. В 1944 году были установлены благоприятное геологическое строение и обильные наружные нефтепроявления, позволившие начать глубокое разведочное бурение.

Как свидетельствуют архивные документы, в начале 1945 года скважиной № II, заложенной на северо-западном крыле выявленной структуры была вскрыта нефтяная залежь, приуроченная к средне - юрским отложениям. При опробовании нефтяного пласта был получен нефтяной фонтан с дебитом в 200 тонн в сутки. В мае 1945 года было закончено бурение второй разведочной скважины № 14, которая также вступила в эксплуатацию фонтаном с дебитом в 45 тонн нефти. Вот что пишет в своем письме заместителю председателя Совета министров СССР Л.П.Берие министр нефтяной промышленности восточных районов СССР М.Евсеев: «По данным законченных бурением и вступивших в эксплуатацию целого ряда скважин (№17,25,18,27 и др.) подготовлена для разведки и эксплуатации площадь, на которой по существующей сетке проектируется заложение 25 эксплуатационных скважин. Кроме того, в разрезе пробуренных скважин выделяются еще два нефтяных горизонта (в средней юре и подошве аптских отложений), которые являются дополнительным фондом для эксплуатации. С промышленно-экономической точки зрения месторождение Тентексор представляет значительный интерес. Ожидаемые нефтеносные фонды не менее 250-300 га».

В 1946 году месторождение Тентексор при еще недостаточно организованной эксплуатации давало ежесуточно до 100 тонн легкой нефти удельного веса 0,860. Промысел был связан нефтепроводом с Байчунасом. Специалисты нефтяной отрасли того времени были уверены, что дальнейшее разведочное бурение на Тентексоре несомненно приведет к расширению нефтеносной площади северо-западной части участка и к открытию новых залежей на неразведанных крыльях структуры. «Анализ данных в части перспектив развития позволяет сравнивать его с месторождением Кульсары», - выражал уверенность министр нефтяной промышленности восточных районов СССР М.Евсеев. Он же ходатайствовал перед Л.П.Берией о денежном поощрении коллектива геологов и разведчиков-буровиков, принимавших участие в открытии нефтяной залежи на северо-западном крыле нефтепромысла Тентексор объединения «Казахстаннефть». Распоряжением Совета министров СССР группе первооткрывателей была выплачена государственная денежная премия в размере 200 000 рублей.



# БАЙҚАУ! КОНКУРС!

**БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ**  
«Ембімұнайгаз» АҚ ұйымдастыру бөлімі  
**ОРГАНИЗАТОР КОНКУРСА**  
Организационный отдел АО «Эмбаунагаз».



## БАЙҚАУ МАҚСАТЫ

Өндірістік процестерді жақсарту, шығындарды оңтайландыру, өндірістік қауіпсіздікті арттыру, үнемді өндіріс элементтерін енгізу, ішкі корпоративтік коммуникацияларды дамыту бойынша жаңа тиімді шешімдерді ұсынатын қызметкерлерді ынталандыру. Корпоративтік рухты және дәстүрлер сабақтастығын нығайту.

## ЦЕЛЬ КОНКУРСА

Мотивация работников, предлагающих новые эффективные решения по улучшению производственных процессов, оптимизации затрат, повышению производственной безопасности, внедрению элементов бережливого производства, развитию внутрикорпоративных коммуникаций. Укрепление корпоративного духа и преемственности традиций.

## ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Жобалар/шығармашылық жұмыстар төмендегі критерийлер бойынша бағаланады: ұсынылған жұмыстардың байқау мақсаттарына сәйкестігі, материалдың жаңалығы және оны жеткізу форматы, тақырыпты баяндау тереңдігі.

## КРИТЕРИИ ОТБОРА ПОБЕДИТЕЛЕЙ

Проекты/творческие работы оцениваются исходя из следующих критериев: соответствие предоставленных работ целям конкурса, новизна материала и формата его подачи, глубина изложения темы, доступность для восприятия.



**Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!**

«Ембімұнайгаз» АҚ-да **«СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ»** желісі жұмыс жасайды.

Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).

**WhatsApp: 8 771 002 68 95**

K.Kalidullin@emg.kmgep.kz

**Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы**

Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

**Ескерту:** Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.



## Құрметті әріптестер!

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқару аппараты мен өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері арасында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын

## «Мен – ембілікпін»

корпоративті байқауының басталғанын хабарлаймыз. Биыл бұл байқау Ембінің 100 жылдығына орай өтеді. Компанияның құндылықтары әдеттегідей байқау тақырыптарының негізгі арқауы болады.

## Уважаемые коллеги!

Объявляем о старте ежегодного корпоративного конкурса

## «Мен - ембілікпін!»

среди работников аппарата управления и производственных структурных подразделений АО «Эмбаунагаз». В этом году он пройдет под эгидой 100-летия Эмбы. Ценности компании по традиции станут основой конкурсных тем.

## Байқау жұмыстары төмендегі тақырыптар бойынша 3 номинацияда қабылданады:

**Ұжымым – екінші үйім!** (Корпоративті рух және ұжымның дәстүрлері)

**Тағдырым менің - Ембімұнайгаз!** (Компания Сіздің өміріңізде қандай рөл атқарды?)

**Менің тәлімгерім...** (Кәсіби өмірге жол сілтеген тәлімгеріңіз туралы)

Байқау жұмыстарын дайындауда стандартты емес тәсілдер мен заманауи форматтарды қолдануға болады!

## Конкурсные заявки принимаются по вышеизложенным темам в 3-х номинациях:

**Мой коллектив – это мой второй дом!** (Корпоративный дух и традиции коллектива)

**Судьба моя - Эмбаунагаз!** (Какую роль сыграла компания в моей жизни?)

**Кто он-мой наставник?** (Рассказ о человеке, дававшему путевку в жизнь)

Приветствуются нестандартные подходы и современные форматы в подготовке конкурсных работ!

## БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

Байқау жарияланған сәттен бастап 2022 жылғы 23 мамырға дейін.

## БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ

• Байқауға «Ембімұнайгаз» АҚ Басқару аппаратының және өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің барлық қызметкерлері қатыса алады. Жобалар/шығармашылық жұмыстар түрлі жанрларда қабылданады: презентация түрінде, мәтіндік форматта (эссе, өлеңдер, проза, көркемсурет), көрнекі мазмұн түрінде (бейнероликтер, вайндар, Tik Tok).

• Байқауға жұмыстар төмендегі мекенжай бойынша қабылданады: «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесі, Ш.Уәлиханов көшесі, 1, каб. №105 немесе ұйымдастыру бөлімі қызметкерлерінің электрондық пошталарына:

G.Karajanova@emg.kmgep.kz (телефон: 21-121, 99-34-21),

A.Ertleuova@emg.kmgep.kz (телефон: 21-309, 99-32-09),

I.Satylganova@emg.kmgep.kz (21-166, 99-34-66).

• Байқау жеңімпаздарын компанияның топ-менеджерлері, кәсіподақ ұйымының және жауапты департаменттердің басшылығынан құралған құзыретті қазылар алқасы анықтайтын болады.

• Байқау жеңімпаздарын марапаттау шарасы ағымдағы жылдың маусым айында өтеді.

• Байқау жеңімпаздарының жұмыстары «Ембімұнайгаз» АҚ «Ембі тынысы» корпоративтік газетінде, корпоративтік сайтында - www.emba.kz, сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланады

## ПЕРИОД ПРИЕМА КОНКУРСНЫХ ЗАЯВОК

С момента объявления конкурса до 23 мая 2022 г.

## УСЛОВИЯ КОНКУРСА

• К участию в конкурсе допускаются все работники аппарата управления и производственных структурных подразделений АО «Эмбаунагаз». Проекты/творческие работы принимаются в различных жанрах: в виде презентаций, в текстовом формате (эссе, стихи, проза, художественные изображения), в виде визуального контента (видеоролики, вайны, Tik Tok).

• Конкурсные заявки принимаются по адресу: головной офис АО «Эмбаунагаз» по адресу: Валиханова 1, каб. №105, либо на электронные адреса сотрудников организационного отдела:

G.Karajanova@emg.kmgep.kz (телефон: 21-121, 99-34-21),

A.Ertleuova@emg.kmgep.kz (телефон: 21-309, 99-32-09),

I.Satylganova@emg.kmgep.kz (21-166, 99-34-66).

• Победители конкурса будут определены компетентным жюри в составе топ-менеджеров компании, руководства профсоюзной организации и профильных департаментов.

• Награждение победителей конкурса состоится в июне текущего года.

• Имена победителей конкурса будут опубликованы в корпоративной газете АО «Эмбаунагаз» - «Ембі тынысы», на корпоративном сайте - www.emba.kz, а также на официальных страницах компании в социальных сетях.

**БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫН ДАЙЫНДАУДА СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ! УДАЧИ В ПОДГОТОВКЕ КОНКУРСНЫХ МАТЕРИАЛОВ!**

**Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ**

**Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі**  
**Бас редактор: А. Ертлеуова**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

**Таралымы** – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgep.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmgep.kz

## Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**Р.Тасмағамбетова** - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

**Қ.Қасымғалиев** - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

**Г.Шарафетдинова** - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

**Т.Сәрсенов** - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

**Қ.Қалидуллин** - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

**Ж.Мұқанғалиев** - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

**Ғ.Қаражанова** - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

**Ж.Дәуітов** - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.